

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ВИЦЕ- МИНИСТРІ ОҚУ ОРДАМЫЗДА

Бұдан әрі денсаулық сақтау вице-министрі Медицина факультетінде орналасқан «Микробиология» лабораториясына барды. Бұл лабораторияда микроорганизмді зерттеуге және оны оқу процессінде пайдалануға қажетті барлық құралдар бар.

2 БЕТТЕ

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТА ЖЕМІС ЖИНАУ НАУҚАНЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Дәл қазіргі уақытта арнайы топ алмұрт, жүзім және жаңғақ ағаштарының өнімдерін жинау жұмыстарын бастап кетті. Осы уақытқа дейін жүзімдіктердегі науқан толық аяқталып, өнімді одан әрі өңдеу үшін ботаникалық бағымызда орналасқан Жеміс-жидектерді өңдеу цехіне жіберілді. Ал алмұрт және жаңғақ ағаштарындағы пісіп тұрған дәмді жинау жұмыстары жалғасып жатыр.

2 БЕТТЕ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ - ЖУРНАЛИСТИКА ЕМЕС

Кез-келген тілде, кез-келген сұранысқа жауап беретін мұндай серверлерді сағатына миллиондаған адам қолданады екен. Сондай-ақ, «Youtube»-тен қарапайым қолданушының өзі бейнелі ақпараттарды көруге, танысуға толық мүмкіндігі бар. «Facebook», «Twitter» - әлеуметтік желілері арқылы қоғамда болып жатқан соңғы ақпараттармен сол сәтте-ақ құлағдар болуға болады. Тек біздің елімізде, хат алмасу үшін ғана қолданылатыны жасырын емес. Ал, қуатты елдердің тұрғындары аталмыш желілерді басты ақпарат көзі ретінде қарастырады.

5 БЕТТЕ

УНИВЕРСИТЕТ ТАЛАПКЕРЛЕР ҮШІН ҚОСЫМША 50 ГРАНТ БӨЛДІ

Астана қаласында университетіміздің Өкілетті Кеңесінің 77-мәжілісі өтті. Жиында өткен оқу жылының қорытындысы шығарылып, алдағы кезеңнің негізгі басымдықтары айқындалды. Ұсыныс-пікірлер тыңдалып, маңызды шешімдер қабылданды. Ең бастысы, Өкілетті Кеңес мүшелері көктемде су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің абитуриенттері үшін қосымша 50 білім грантын бөлуге келісті.

Іс-шараға Өкілетті Кеңес Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек, Түркия Президенті Кеңесінің баспасөз хатшысы Ибрахим Калын, Түркияның Мәдениет және туризм вице-министрі Сердар Чам, Қазақстанның Ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Талғат Ешенкулов, Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты, профессор Дархан Қыдырәлі, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев, университет ректоры Жанар Темірбекова, Қазақстанның Қаржы министрлігі Әлеуметтік сала бюджеті департаментінің директоры Жанар Алдасуrowa және БАҚ өкілдері қатысты.

Мәжілістің алғысөзін университетіміздің Өкілетті Кеңес Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек бастап, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі.

“Өкілетті Кеңестің 77-отырысының ерекшелігі – Turk Time аясында өтуі. Бұл бастаманың түркітілдес елдердің бірлігін артыратыны сөзсіз. Себебі ол мәдениеттерімізді, тарихымыз бен дәстүрлерімізді дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстан мен Түркия басшылары бірін бірі бауыр дейді”, - деді Мухиттин Шимшек.

Сондай-ақ, төраға Өкілетті Кеңестің жаңа мүшелерін таныстырды. Жаңадан мүшелікке тағайындалған Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты, профессор Дархан Қыдырәлі, Қазақстанның Қаржы министрлігі Әлеуметтік сала бюджеті департаментінің директоры Жанар Алдасуrowa өздеріне жүктелген жауапкершілікті жоғары сезінетінін атап өтті.

“Ахмет Ясауи университетінің Өкілетті Кеңес мүшелігі мен үшін өте қымбат. Бұл жай ғана оқу орны емес, тәуелсіздік жылдарында құрылған университет — түркі әлемі интеграциясының негізгі іргетастарының бірі. Сондықтан, тарихи оқу орнына қызмет ету мен үшін

үлкен мәртебе”, - деді Дархан Қыдырәлі.

Өкілетті Кеңес мәжілісінде, ең алдымен, соңғы(76-шы мәжіліс) басқосудан кейін ректорат тарапынан атқарылған жұмыстар есебі тыңдалды. 2024-2025 оқу жылы күндізгі оқу түрі бакалавриат, магистратура бағдарламасына қабылданатын студенттер контингенті мен квота орындарының үлестірілу мәселелері қаралды. Атап айтар болсақ, Ахмет Ясауи университетіне құрылған күннен бері Түркия Республикасы тарапынан дәстүрлі түрде 500 түрік квотасы бөлінеді. Қазақстандық талапкерлерге жыл сайын үлестірілетін бұл квота — мемлекеттік грантқа іліне алмай қалған талапкерлер үшін керемет мүмкіндік. Осы мүмкіндікті пайдаланып, игілігін көрген мыңдаған жас бүгінде білікті маман атанып, алғысын айтып келеді.

Сондай-ақ, оқу орны жыл сайын студенттердің әлеуметтік жағдайына байланысты оқу ақысына 25-100% аралығында жеңілдіктер ұсынады. Биыл олардың қатарынан еліміздегі су тасқынынан зардап шеккен



өңірлердің талапкерлері де қосылды. Ахмет Ясауи университеті олар үшін қосымша 50 грант бөлуге шешім қабылдады.

“Сел апатында зардап шеккен аймақтарға арнайы квота бөлініп отыр. Мұның барлығы осы бауырлас елдерге ортақ оқу орнының еліміздегі жағдайларға бей-жай қарамайтынын көрсетеді. Жалпы қазақ-түрік университеті біздің интеграцияның бастауында тұр деп айтуға болады”, - деді Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі.

Мәжілісте күн тәртібіндегі осы және өзге де маңызды мәселелер талқыланып, ортақ шешімдер қабылданды.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Таяуда оқу орнымыздың Өкілетті Кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек және ректор Жанар Темірбекова Қазақстанның Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназаровамен кездесті.

Университет басшылары, ең алдымен, жыл басында министрлікке жетекшілік қызметін қолға алған Ақмарал Шәріпбайқызын жаңа лауазымымен құттықтап, жұмысына табыс тіледі.

Кездесуде Қазақстан мен Түркия Республикаларының денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастығы талқыланды. Министр Ақмарал Әлназарова бауырлас елдердің осы бағыттағы өзара жұмысына Ахмет Ясауи университетінің де өзіндік үлес қосып келе жатқанын айтты. Сондай-ақ, Түркістан облысына іссапары барысында оқу орнының Клиника-

диагностикалық орталығына арнайы барғанын атап өтіп, емхана жұмысына жоғары бағасын берді.

Өкілетті Кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек университеттің арнайы жобасы — “Ана жұрттан Ата жұртқа: Денсаулық көпірі” бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Министр оқу орнымыздың денсаулық сақтау саласындағы бірегей жобасына ерекше қызығушылық білдірді. Ақмарал Әлназарова осы жоба аясында Түркияның тәжірибелі мамандарының табиғи апаттар кезінде халыққа шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша оқыту курстарын ұйымдастыру мүмкіндіктері туралы сұрады.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ВИЦЕ-МИНИСТРІ ОҚУ ОРДАМЫЗДА

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев Түркістан қаласына жұмыс сапары барысында оқу орнымызға арнайы ат басын бұрды.

Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев және Түркістан облысының денсаулық сақтау басқарма басшысы Асхан Байдувалиев бастаған денсаулық сақтау саласының жетекші мамандарынан құралған делегация Клиника-диагностикалық орталығының және Медицина факультетінің жұмысымен танысты.

Қонақтарды оқу орнымыздың ректоры Жанар Темірбекова, вице-ректор Айнаш Ошибаева бастаған клиника және факультет ұжымы қарсы алды.

Делегация, ең алдымен, Клиника-диагностикалық орталығын аралап, емделушілерге жасалған жағдай және де соңғы үлгідегі заманауи құрал жабдықтарды көрді.

Университет ректоры Жанар Темірбекова мен Клиника-диагностикалық орталықтың бас дәрігері Мехмет Зия Генчер орталықтың алдағы жоспарларымен таныстырып, онда қызметкерлердің тәжірибе алмасу мақсатында еліміздегі және Түркиядағы медицина мекемелерімен тығыз қарым-қатынаста екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ, университет клиникасы – медицина бағыты бойынша білім алатын студенттердің практикалық базасы екенін атап өтті.

Бұдан әрі денсаулық сақтау вице-министрі Медицина факультетінде орналасқан «Микробиология» лабораториясына барды. Бұл лабораторияда микроорганизмді зерттеуге және оны оқу процессінде пайдалануға қажетті барлық құралдар бар.

Жұмыс сапары соңында Тимур Сұлтанғазиев университетіміздің денсаулық сақтау саласын дамыту үшін істеп жатқан жұмысына оң бағасын берді. Жеке клиникасы бар оқу орнының жоғары деңгейде қызмет жасап, маман даярлауда үлкен үлес қосып жатқанын айтып, ұжымға сәттілік тіледі.



ҒАЛЫМДАРЫМЫЗДЫҢ 9 ҒЫЛЫМИ ЖОБАСЫ ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ИЕ БОЛДЫ

Оқу орнымыздың ғалымдары ғылыми-зерттеулерде үздік екенін тағы да дәлелдеді. Биыл университетіміздің 9 ғалымы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024-2026 жылдарға арналған екі конкурста жеңімпаз атанды. Атап айтар болсақ:

- 1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру – 5 жоба;
- 2) ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру – 4 жоба.

Осылайша, ғалымдарымыздың жалпы 9 жобасы 722 204 092 теңге көлемінде қолдауға ие болды.

- 1) Жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру конкурсының нәтижесі: Энергия, озық материалдар және көлік бағыты
 1. Шектібаев Нұрдуллет Өтенұлы, Жаратылыстану факультеті, Физика кафедрасы, PhD, Жоба тақырыбы: «Мақта тазалау машиналарының ара дискілері үшін наноқұрылымдық қорғаныш жабынды алудың тиімді технологияларын әзірлеу», қаржысы: 86 661 076,00 теңге;
 - Елдің зияткерлік әлеуеті бағыты
 2. Ильясова-Шенфельд Арай Қозықызы, Еуразия ғылыми-зерттеу институты, PhD, Жоба тақырыбы: «Организация Тюркских Государств (ОТГ) как новая балансирующая организация в эпоху геополитической турбулентности», қаржысы: 60 581 980 теңге;
 3. Берді Динара Қадырханқызы, Жаратылыстану факультеті, Экология және химия кафедрасы, PhD, Жоба тақырыбы: «Химия мұғалімдерін оқыту сапасын арттыруға арналған цифрлық білім берудің интерактивті рөлін зерттеу және Mozabook платформасында курсты әзірлеу», қаржысы: 74 386 000,00 теңге;
 4. Раманкулов Шерзод Жумадуллаұлы, Жаратылыстану факультеті, Физика кафедрасы, PhD, доцент-зерттеуші, Жоба тақырыбы: «Мектеп-Университет-Өнеркәсіп» серіктестігі жағдайында пәнаралық STEM білім беру моделінің сабақтастығын іске асыру», қаржысы: 68 422 994,00 теңге;
 5. Құрбанбеков Бақытжан Әлімханұлы, Жаратылыстану факультеті, Физика кафедрасы, PhD, Жоба тақырыбы: «Болашақ физика мұғалімдері үшін физикалық эксперименттерді (VR) виртуальды шындық технологиясы арқылы ұйымдастырудың әдістемесін дамыту», қаржысы: 57 768 149,80 теңге.

2) Гранттық қаржыландыру конкурсының нәтижесі:

Өмір және денсаулық туралы ғылым бағыты

1. Нұрдинов Нұрсұлтан Сейсенбайұлы, Стоматология факультеті, Зертханалық пәндер кафедрасы, PhD, Жоба тақырыбы: «Түркістан облысындағы дәріге-төзімді эпилепсиямен ауыратын науқастардың генетикалық профилінің зерттелуі», қаржысы: 99 995 115,00 теңге;
- Елдің зияткерлік әлеуеті бағыты
2. Назарова Күлзина Жаркимбекқызы, Жаратылыстану факультеті, Математика кафедрасы, ф-м.ғ.к., доцент, Жоба тақырыбы: «Исследование вопросов разрешимости нелокальных задач для дифференциальных и интегро-дифференциальных уравнений», қаржысы: 112 059 515,00 теңге;
3. Құралбаева Алия Ахметкаримовна, Өлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, Педагогика және психология кафедрасы, PhD, қауымдас. Профессор, Жоба тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың даму мониторингі және оларға скрининг жасаудың Қазақстандық стандарты», қаржысы: 82 310 406 теңге;
4. Құрбанбеков Бақытжан Әлімханұлы, Жаратылыстану факультеті, Физика кафедрасы, PhD, Жоба тақырыбы: «Күн энергетикасы саласында STEM жобаларды іске асыру негізінде студенттердің зерттеушілік және инженерлік іс-әрекеттерін дамыту», қаржысы: 80 018 856 теңге.

Университет ұжымы атынан ғалымдарымызды шын жүректен құттықтаймыз және ғылыми жобаларды іске асыру барысында сәттілік тілейміз!

Осы орайда, соңғы 4 жылда университетімізде ғылыми жобаларды қаржыландыру бағытында даму тенденциясы байқалатынын атап өткеніміз жөн. 2021-2024 жылдар аралығында Ұлттық ғылыми кеңестің мақұлдауымен жалпы 43 гранттық жоба мемлекеттік қолдауға ие болды. Бұл жобалардың жалпы қаржыландыру сомасы – 3 407 931 448,52 теңгені құрады.

Оның ішінде жас ғалымдардың жобаларға қатысып белсендігі артып келеді. Атап айтар болсақ, 2021-2024 жж аралығында университетіміздің жас ғалымдары жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған конкурстарға қатысып 9 жоба жеңіп алды. Бұл гранттық жобалардың жалпы сомасы 568 324 975,11 теңгені құрады.

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТА ЖЕМІС ЖИНАУ НАУҚАНЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Университетіміздің мақтанышына айналған ботаникалық бақтағы жеміс ағаштарының өнімдерін жинау науқаны қызып тұр. Бұған дейін шие, өрік, алма сынды ерте пісетін маусымдық жемістер жиналса, ендігі кезек алмұрт, жүзім, жаңғақ ағаштарына келді.

Дәл қазіргі уақытта арнайы топ алмұрт, жүзім және жаңғақ ағаштарының өнімдерін жинау жұмыстарын бастап кетті. Осы уақытқа дейін жүзімдіктердегі науқан толық аяқталып, өнімді одан әрі өңдеу үшін ботаникалық бағымызда орналасқан Жеміс-жидектерді өңдеу цехіне жіберілді. Ал алмұрт және жаңғақ ағаштарындағы пісіп тұрған дәмді жинау жұмыстары жалғасып жатыр.

Айта кетейік, биыл Ботаникалық бақтың құрылғанынан 30 жыл толып отыр. Бұл – университет үшін маңызды мерейтойлық дата. Бүгінде республикалық маңызға ие, 88 гектар аумақты қамтитын бағымызда елімізден және жақын шет елден 59 туыс, 28 тұқымдас, 127 түрлі декоративті, жеміс-жидек, ағаш бұталы және гүлді өсімдіктер интродукцияланып, өңірдің қатал климаттық жағдайына бейімделген коллекциясы жинақталған.



УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ VI ЖАЗҒЫ МЕКТЕБІ БАСТАЛДЫ

Түркі мемлекеттерінің VI жазғы мектебі өз жұмысын бастады. Іс-шараны университетіміз, Түрік Ынтымақтастық және Үйлестіру агенттігі (ТИКА), Түркия ғылым академиясы (TÜBA), Түрік тілі қауымдастығы және Халықаралық түркі академиясы ұйымдастырып жатыр.

Түркі мемлекеттерінің VI жазғы мектебі екі бағдарлама бойынша өтеді: «Түркология жазғы мектебі» және «Жаңа энергия технологиялары жазғы мектебі». Бір апта көлемінде өтетін жазғы мектепке Әзірбайжан, Түркия, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Солтүстік Македония және Албаниядан барлығы 50 студент және 37 оқытушы қатысады.

Ресми ашылу салтанатында университетіміздің Өкілетті Кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек, ректор Жанар Темірбекова, Түркия ғылым академиясының басшысы Музаффер Шекер, Халықаралық түркі академиясының басшысы Шахин Мустафаев, Түрік тілі қауымдастығы басшысы Харун Шахин және өзге де түркі елдерінен келген ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері сөз алып, аталған іс-шараның маңызына тоқталды.

«Университетімізде 40-қа жуық түркі халықтарының жастары білім алады. Сондықтан бүгін бастау алған жазғы мектептің дәл біздің оқу орнымызда өтуі бекер емес. Ата жұртымыз Түркістан – түркология ғылымының лабораториясына айналған. Бұл жер бәріміздің ортақ қарашаңырамыз, жазғы мектеп аясында түркі әлемінің құндылықтарын бойларыңызға сіңіріп, сусындаңыздар. Баршаңызға сәттілік тілейміз!», - деді Өкілетті Кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек.

Оқу орнымыздың ректоры Жанар Темірбекова барлық қатысушыларды түркі жұртының тарихи отаны Түркістан қаласында, оның ішінде түркі халықтарының рухани ұстазы Ахмет Ясауи университетінде көргеніне қуанышты екенін жеткізді.

«Түркі мемлекеттерінің VI жазғы мектебі екіге бөлінеді. Олар: Түркология және Жаңа энергия технологиялары жазғы мектептері. Қазіргі таңда бұл екі сала түркі әлемі үшін ғана емес, дүниежүзінде маңызға ие болып отыр. Бірі бауырлас елдердің терең тарихы, салт-дәстүрі, құндылықтары, тілі мен мәдениетін танытуға бағытталған. Түркі елдерінің интеграциясы үшін түркологияны толыққанды зерттеуіміз қажет. Жаңа энергия көздерін тауып, заман талабына сай технологиялық әлеуетті көтеруге де баршамыз мүдделіміз. Осы тұрғыдан жазғы мектебіміз нәтижелі болады деп сенеміз», - деді Жанар Темірбекова.

Ал Түркия ғылым академиясының басшысы Музаффер Шекер өз сөзінде түркі халықтарының тілі мен мәдениетін дамытудың маңызы туралы баяндады.

«Түркі әлемінің келешегі үшін жастардың бір ортада жолығуы, осы жазғы мектепте алған білімдерін өмірлерінде және қызметі барысында пайдалануы өз мемлекеттерімен қатар, барлығымыз үшін маңызды. Қазіргі таңда түркология ғылымын дамыту, әлемдік аренада Түркі дүниесінің беделін көтеру өзекті болып тұр. Әсіресе, тарихымыз бен тіліміздегі проблемаларды шешіп, насихаттау жұмысын жандандыру арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізе аламыз», - деді Түркия ғылым академиясының басшысы Музаффер Шекер.

Айта кетейік, «Түркология жазғы мектебінің» мақсаты – Түркі мемлекеттерінен келген академиктердің басын қосып, түркі әлемінің тарихы, археологиясы, тілі, әдебиеті, мәдениеті және т.б. бағыттар бойынша теориялық және практикалық білімдерін тереңдету. Ғылыми мақала жариялау, презентациялар жасау және зерттеулерге қаражат тарту және өзге де дағдыларын дамытуға үлес қосу. Қатысушылар жұмыс топтарына бөлініп, жазғы мектеп бағдарламасына сай баяндамаларды тыңдайды және академиктермен өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік алады.

Түркология жазғы мектебі 5 негізгі бөлімнен тұрады. Олар:

- Түркі әлемі туралы түсінік

- Түркі мемлекеттерінің тарихы
 - Түркі әлемі археологиясы
 - Түркі әлемінің өнер тарихы
 - Түркі тілдерінің және қазіргі түркі тілдерінің жалпы ерекшеліктері.
- Бұл бағдарлама қатысушылардың академиялық және мәдени білімін кеңейтуді, түркі мәдениетінің бай мұрасы туралы ақпаратпен және осы білімді болашақ ұрпаққа жеткізу үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етуді көздейді.

Ал «Жаңа энергия технологиялары жазғы мектебінің» мақсаты – қатысушыларға энергетикалық технологиялар саласындағы соңғы жетістіктер, қиындықтар мен мүмкіндіктер туралы жан-жақты мәлімет беруге бағытталған. Сондай-ақ, энергия өндірудің маңызды принциптері мен қалыптасқан әдістерін, болашақ энергия қажеттіліктерін қанағаттандыру



үшін инновациялық және тұрақты шешімдерге қызығушылықты ояту. Жазғы мектептің болашағы зор, өйткені оның энергия өндіруге, басқаруға және тұрақтылыққа қатысты жаңа тәсілдерге шабыт беру әлеуеті бар, қатысушыларды болашақ энергетикалық шешімдерді әзірлеуге үлес қосуға ынталандырады.

Жаңа энергия технологиялары жазғы мектеп барысында 7 негізгі тақырып бойынша кең көлемді ақпарат қамтылады:

- Энергия тарихы
 - Энергия физикасы
 - Жаңартылатын энергия көздері
 - Сутегі энергиясы және онымен байланысты технологиялар
 - Энергияны сақтау жүйелері мен қолданбалары
 - Энергияны үнемдеу және тиімділік
 - Энергетика және инновация
- Қатысушылар энергетика саласындағы инновациялық жобалар мен зерттеулерді жүзеге асыру, жаңа технологияларды әзірлеу және энергетика және инновация мәселелері бойынша білімдерін арттырып, тұрақты энергия шешімдері бойынша ұсыныс-пікірлерін талқылайды.

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ СЕНАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

2024-2025 оқу жылының бірінші Сенат мәжілісі өтті. Жиынға Өкілетті Кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек, Сенат мүшелері, құрылымдық бөлім басшылары, оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Басқосуда алғы сөз алған Өкілетті Кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Сондай-ақ 2024-2025 оқу жы-

лында алға қойған мақсаттар және жақсы жаңалықтар туралы айтты. Мәжілісте күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша баяндамалар жасалды.

Сенат хатшысы Алия Куралбаева «2024-2025 оқу жылындағы Сенат және Басқару Кеңесінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Университет Сенатының 2024-2025 оқу жылындағы жұмыс жоспарын бекіту» туралы мәліметтерді жеткізді.

Сонымен қатар, Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы; Университет ОПК-ын профессор, доцент міндетін атқарушы қызметіне ауыстыру туралы сынды маңызды мәселелер қаралды.

Сенат бұдан әрі университетіміздің оқытушы-профессорлар құрамын марапаттау рәсімімен жалғасты. Университет ректоры Жанар Темірбекова және ректор өкілі Наджи Генч, ең алдымен, 3 жыл көлемінде Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры қызметін атқарған Асқар Тұрғанбаевқа алғыс айтып, қазақ дәстүрі бойын иығына шапан жауып, еңбегі үшін алғыс айтты.

Өткен оқу жылдарында факультет деканы, Сенат хатшысы және Сенат мүшесі лауазымдарында жемісті еңбек етіп, қызметін ауыстырған бірқатар азаматтар да марапатталды.

Сондай-ақ, Инженерия факультетінің оқытушысы Бекарыс Зейналиұлын 60 жас мерейтойымен құттықтап, арнайы сый-сияпат табысталды.



СТУДЕНТТІК ЖАЗБАЛАР



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ӨКІНІШ

(Өңгіме)

Көкірек тұсынан кішкене қал пайда болғалы біраз болған еді. Бірақ оған Жақан мән бермеді. Ол негізі ешкімге де, ештемеге де мән бермейтін еді. Сол қал қышыған болар, ол жағы есінде жоқ, қасып тастапты. Аузы арақтан босамайтын Жақан қай бір тазалықты сақтасын қал жараға айналып, асқынып кетті.

Жақан бойы ұзын, шашы толқындалып тұратын ақ-сары жігіт. Араққа құмарлығы мен қызғаншақтығы сері жігіттің басына сор болып жабысты. Үш рет отбасын құрды. Әйелдерінің үшеуін де адалынан жолықтырды. Өзі де мойындайды, тулаған тайдай мінезінен әйелдерімен ұзақ тұра алмады. Бірінші әйелден екі ұлы бар. Үш рет отбасын құрса да, әр әйелімен 3-4 жылдан артық тұрмаған екен.

Жақанның анасы дүние салғанына төрт жылдың жүзі болды. Анасы барда қарашаңыраққа ойланбай кіретін еді. Ол кісі кеткелі қасында бала-шаға, басында отаны жоқ Жақан әр бауырының үйін паналап жүрді. Қасынып асқындырып алған қалы мазасын қашыра берген соң арақ ішуі де жайына қалды. Кім ойлаған кіп-кішкене қал оған азапты көзіне көрсететін жаман ауруға ұласып кетер деп. Операция жасалды, емін де алды. Ырыққа көнбеген жара денесіне жайыла берді. Ағаштың тамыры топыраққа бойлай тамырлап, әр жерден жарып көшет шығатынын елестетіңіз. Дәл осылай жарасы көкірегінен аяққа қарай тарай берді. Әр тұстан терісін тесіп ірің ағып, майда құрттар пайда бола бастайды. Белден төмен ісіп кеткен, қол тигізбейді. Дәрігерлер аптасына бір рет келіп, құрттап жатқан іріңді жараларын тазалап кетеді. Дәрігердің айтуынша мыңнан бір адам да ғана кездесетін, аурудың сирек түрі екен.

Төсек тартып жатқалы да айдан асты. Жүруден қалған Жақан қиналып, ыңырсып жатыр. Қарашаңырақта тұратын інісі барар жері жоқ ағасын ауруы меңдегелі амал жоқ үйіне кіргізіп, қамқорлығын көрсетіп жүр. Мінезі Жақаннан кем түспейтін інісі ауру ағасының қиналған дауысы қатты шығып кетсе үніңді шығарма деп айқайлап та қояды. Осыдан ақ ел-жұрттан ұялғанынан үйін паналатқанын білдіріп қояды. Келінге қараған күнің құрысын.

Ешнәрсені ашып айта алмайды. Сонда да болса келіні ас-ауқатын беріп, жағдайын қарайлайтын сол. Інісінің ер жеткен ұлдары да бар. Соңғы күндері олар да иісі шығып тұр деп жиіркеніп, жуындырмақ түгілі бөлмесіне бас сұқпайтын болды. Жақанның бауырлары андасанда келіп көмектесіп, жуындырып, көңілін сұрап тұрады.

Өмір деген қамшының сабындай деген рас екен. Балаға қайырылмай, қатынға бағынбай, еркін өмір сүрді. Енді ойлап отырса өзіне де өзгеге де пайдасы тимеген екен. Өсіресе есінен әйелі Сәния мен екі баласы жиі түсе береді. Шілденің шіліңгір күнінде жанын қоярға жер таппай қиналып жатқан Жақанның ауызынан шыққан сөзді орындауға тырысып жүрген бауырлары Сәния мен балаларын келуге көндірді. Бұлар ажырасқанда кіші ұлы Ержан небәрі 2 жаста болатын. Астанада тұратын Сәния Жақанды осыдан 5 жыл бұрын отбасына қайта қабылдаған еді. Бұл кезде 2 жастағы Ержан 28 жасқа келген шағы. Жақан 26 жыл бойы көрмеген отбасымен қайта табасады. Елудің ортасын еңсеріп қалған балаларының әкесі ендігі өмірдің ащы-тұщысын тартып, өзгергендігін айтып сендірген

де еді. Бірақ Жақан жайлы үйге орнығып, ұлдарыны мен әйелінің сеніміне селкеу түсірмеуге қанша тырысса да шайтан түртіп, ескі әдетіне қарай қисая береді. Жылдан аса бірге тұрған Жақанның астына мәшина мінгізіп, жеңіл-желпі жұмысқа орналастырып балалары өз парыздарын өтеп, әкесінің келгеніне қуанып жүрді. Өткенді бетіне баспақ түгілі қалауын екі етпеді. Сәния балаларына жақсы тәрбие бергені көрініп-ақ тұр. Өттеген-айы аз емес Жақан тағы арам суға аузы тиіп, қырық жылғы әдетіне басып, Сәнияны қызғанып қол көтереуге дейін барады. Әдетінен арылмаған күйеуінің қылығына шыдамаған Сәния тағы да қош айтысты. Қуылған Жақан ауылына келді, көп ұзамай анасы өмірден озды. Анасының барында қарашаңыраққа амал жоқ кіргізетін інісі енді үйдің маңайына жақындатпайтын болды. Үлкендігі жоқ ағасының қылығына ол да әбден тойған еді.

Көз алдына өткен өмірі тізбектеліп өтіп жатыр. Мәнсіз, мағынасыз өмір. Екі баланың әкесі деген аты болмаса оларға басын да қатырмапты. Оларды шешесі бақты, оқытты, қазір ұлдарының балалары бар. Е, әке-шешеге рахат көрсетпепті. Бар бақытын бір шыны араққа айырбастап жіберген Жақан:

-Шіркін, өмірім қайтып келер ме еді? Бұл дүниеніңкі о дүниеге өтпейді дегені рас екен. Бұлай азапты күндерді өткізетінімді қайдан білейін. Қарап отырсам жұмысты да тек арақ алу үшін жасаппын. Міне енді денемнен тесіп сол арақ ірің болып ағып жатыр. Денің сауда ойлану керек екен. Сәния мені кешір. Мені көріп отырсың әр минутым азаппен өтуде. Бұл Алланың жіберген жазасы, - деп қалін сұрай келген Сәниядан кешірім сұрап, ризалығын алды. Қанша дегенмен алғашқы махаббаты, ұлдарының әкесінің о дүниелік екенін көрген

Сәния ұлдарын да шақыртты. Жақын жандарының ризалықтарын алған Жақан көңілі орнына түсіп, жаны жәй тапқандай кейіпке түсті.

Күн өткен сайын Жақанның үстінен жаман иіс қатты шыға бастады. Енді үйден ауладағы жаман сарайға қарай Жақанды көшірді. Ескі сылағы жоқ кепеде жатқан одан жанның шығуы да оңай болмады. Ұлдарымен бақұлдасқан Жақан араға екі күн салып мәңгілік сапарға аттанды. Дәрігерлер ұзаққа бармас, қамдана беріңдер дегелі де екі айдай азапты күндерді өткізіп Жақан келмес сапарға кетті. Бұл әлемді шарпыған індеттің құтырып, карантин жарияланған түс еді. Жақанның жаназасына да адам аз жиналды. Қос ұлы келіп әкелерін ақтық сапарға шығарып салып, жеті күндік асын беріп, жаман әкелерінің алдындағы тағы бір парыздарын атқарып кетті. «Артында бар оңалар деген» осы емес пе. Ағайын-туған Жақанның жылу көрмеген қос ұлының осыншалықты әкелеріне деген жылы пейілдерін көріп риза көңілмен бата беріп жатты.

Аружан СӨРСЕНБЕК



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ - ЖУРНАЛИСТИКА ЕМЕС

Ақ қағаз, қара сия. Бұл құнды қос құрал ақпарат таратудың алғашқы баспалдақтары болатын. Ақ қағаздың бетіне төгілген туынды біраз түзетуден кейін ғана, басылымға жол тартатын-ды. Ал, қазір ше?

Бүгінде ақпараттық технология қанат қаққалы бері, онлайн БАҚ - дәстүрлі баспасөзді басып озды. Жасыратыны жоқ, ғасырлап жинаған оқырманның легі, қазіргі күні интернеттің соңына түсті. Расында, ақпараттық кеңістік күллі әлемге тың серпіліс ала келді. Дәстүрлі БАҚ-қа дүмпу сыйлаған жаңа жүйе, қазіргі таңда ақпарат таратудың озық жүйесін іске қосты. Бұл ащы да, болса ақиқат. Газетке үңілген оқырманды, телеарнаға телмірген көрерменді, радиоға құлақ түрген тыңдарманды бүгінгі қоғам келбетінен көру қиындады. Бұл электронды БАҚ-тың оперативтілігі мен тиімділігінің әсері деп қарағанымыз жөн. Соңғы он жылдықта жаңа сатыға көтерілген онлайн БАҚ, соның ішінде "агент, фейсбук, твиттер, вк, инстаграм" желілері халықтың кең сұранысына ие болып келеді. Десе де, бұл аталған әлеуметтік желілер - журналистиканың бір бұтағы бола алады ма? Расында да, бұл терең зерттеуді талап ететін салмақты сұрақ. Бесіктегі баладан, еңкейген қартқа дейін ентелейтін әлеуметтік желілер, қазіргі таңда қоғамның бір бөлшегіне айналып үлгерді. Дегенмен де, қазақ қоғамында бұл аталмыш желілер ақпарат тарату немесе алмасу үшін емес, тек өзара хат-хабар алысуға ғана қолданылып келеді. Анығын айтқанда, әлеуметтік желілер журналистиканың жаңа келбеті деп айтуға толық негіз бар. Сонда дәстүрлі БАҚ-пен кішкентай құрылғы қалай теңесе алуы мүмкін деген ауқымды сұрақ тууы мүмкін. Олай деуімнің де өзіндік себебі бар. Бүгінде әлем халқының 70%-дан астамы "Google, Wikipedia" сынды іздеу серверлерінің көмегімен түрлі ақпараттарға толық қол жеткізіп келеді. Кез-келген тілде, кез-келген сұранысқа жауап беретін мұндай серверлерді сағатына миллиондаған адам қолданады екен. Сондай-ақ, "Youtube"-тен қарапайым қолданушының өзі бейнелі ақпараттарды көруге, танысуға толық мүмкіндігі бар. "Facebook", "Twitter" - әлеуметтік желілері арқылы қоғамда болып жатқан соңғы ақпараттармен сол сәтте-ақ құлағдар болуға болады. Тек біздің елімізде, хат алмасу үшін ғана қолданылатыны жасырын емес. Ал, қуатты елдердің тұрғындары аталмыш желілерді басты ақпарат көзі ретінде қарастырады. Баспасөз кейінгі режимде жұмыс жасаса, интернет қазіргі режимде қызмет атқарады. Сонымен қатар, әлеуметтік желіде мәтін, бейне, дыбыс, фото қатар үйлесім тауып, халық назарына ұсынылып келеді. Десе де, әлеуметтік желідегі кез-келген ақпарат ақиқат деп айту қиын. Сондықтан, алдын-ала көз жеткізуді талап етеді. Олардың артықшылығы мен айырмашылығы да осында. Бұл әрине, баспасөз жоғалады не болмаса дәстүрлі БАҚ интернеттен көш ілгері қалды деген сөз емес. Тек уақытқа жұмыс істеген бұл заманда, оперативтіліктің бәсі биік болып тұр дегім келеді. Қазақтың БАҚ-ы, қашанда өрлей берсін, кемелдене түссін!

Назипа ШЕРІ

ҚАЗАҚТЫҢ ТОЙЫ: БАҒЫМЫЗ БА, СОРЫМЫЗ БА?

"Қазақ байыса той жасайды"- деген сөз бар қазақта. Ұлттық тәрбие беретін,оның бесігі болған - қазақтың тойы бүгінде қандай?!

Әдет-ғұрыптың,салт-сананың,өнердің бағын ашатын тойымыз болса,ол бұрынғының тойы болса керек. Бүгінде той қалай өтеді?!

Бүгінгінің тойы жаңашылдыққа толы. Әр той иесі өзінің ойына келгендей, тойды қалағанынша өткізетіні жасырын емес. Тойға келген көпшілік дем алып, қуанышқа ортақтаса келе, көңілді қайтуға тиіс. Ал бүгінде даңғыраған әндерден еңсең басылып, әншілердің "шығармашылық кешін" көріп қайтатының тағы бар. Шайтанның суына масайып, тойдың сәнін келтіріп,жұртқа мазақ болған қарияларымыз әлеуметтік желіде "жұлдыз" болған тойдың болғанынан болмағаны жөн деп қаласың кейде. Бұл күндері тойдың кешігіп басталуы да дағдыға айналып барады. Шақыру қағазына "құрметті" деп жазылып шақырылған соң, жұрт той көруге барады. Дегенмен уақытылы емес.



"Той - қонақтардан ұят болмасын" деген қағидамен жасалады. Әрине, тойдың дастарханына айтар сынымыз жоқ. Қазақтың тойында дастархан молынан болары сөзсіз. Жарыса той жасап, түрлі мейрамханаларда, түрлі түспен көмкерілген безендірулер көздің жауын алады. Бұл күндері қазағымыз тапқан ақшасын тойға жұмсайды.

Тойдың болғаны әрине жақсы, бесік той, тілашар, сүндет тойдың жөні бөлек. Алайда, қаржым бар екен деп той жасай беруге болмайды ғой. Одан да ақшаны пайдалырақ дүниеге жұмсаған әлдеқайда жақсырақ емес пе?! Мәселен, балалар үйіне, қарттар үйіне, мүмкіндігі шектеулі жандарға. Әркімнің түйсігі әртүрлі. Сіз қалай ойлайсыз?

Дарын ДАРХАНҰЛЫ

ӨЛЕҢ ЖАЗҒАННЫҢ БӘРІ АҚЫН БА ?

"Ақын, ол егер шын ақын болса, бәдік тәрбиемен жұрттың уақытын алмай мифтер жаратуға тиіс."_ дейді А.Платон. Қазақтың түйеге мінгені төрт ауыз, атқа мінгені алты ауыз өлең айта алады. Еңгейген кәрісінен еңбектеген баласына дейін, ән мен жырдан кенде емес, содан болар-қазақ ақын жанды халық дейтініміз. Жылқыда да жылқы бар, қазан атын бір бөлек, жігітте де жігіт бар азаматы бір бөлек демекші, адамда да адам бар, ақындары бір бөлек дегіміз келеді. Себебі әуу дегеннің бәрі ақын бола бермейді, ал ақын жандылыққа бола қазақтың бәрі ақын десек шатасамыз. Ақын-ең әуелі тәңірмен төте сойлесуші. Ол халықтың айнасы, хан мен қараның арасындағы тәңір силаған елшісі. Ол ер көрмегенді көреді, ел сезбегенді сезеді, етекте тұрып құз басын аймалайтын түйсікке ие.

Қазақтың ұлы ақыны Абай 19 ғасырда жазып кеткен сөзі, ұрпақтың тағдырына деген жорамалы, қоғамның бет алысына деген өткір пікірлері бүгін нақ келіп отыр. Ақын өз заманын ғана жырлап қоймай, өзінен кейінгі заманды да сөйлете білді. Қазақтың "ұстарасыз ауызына түскен мұрты" екі ғасыр өтседе, әлі сол күйінде... Соны болжай білген, әуел десеңіз дәп басып айта білген, сол дәнiшпан ақын Абай.

Ақынды өлтірудің керегі жоқ, ол өзі-ақ өледі... Ақынға тобырға ілесіп, дүрмекпен күн көшкенше, айдалада лашық тігіп алып, жалғыз қалған жарасады. Жүйрік-жорға, торғын торқаның буы ақынды еліктірмейді. Ол ішкі қуатты байытуға ұмтылады, үнемі ой үстінде жүреді, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Кейде тіпті шарықтап, өз алдына бей-берекет сөйлеп кетуі мүмкін. Ақынның бұл өрекеті, өзгелерге сөлекет көрінуі мүмкін, тіпті кейбіреулері жындыға балауы да мүмкін. Алайда жынды дегендер өздерінің ақынды жындандырып жүргенін сезбейді... Ол қуанса балаша шаттанып, шын күле алады; ол қайғырса қара жерді қайыстыра аһ ұрады; ол мұңайса жүрегі езіліп, жанын қоярға жер таппай аласұрады; ол сүйсе ғажайып құбылыс жарата алады. Сұлудың бір тал меңі үшін, туған жерін сиға тарта алады... Міне бұл шын ақындарға тән қасиет.

Ал кейбір екі ауыз сөз құрағаны үшін өзін ақын санайтындарға жаным ашиды. Ежелгінің сарай ақындары сіпетті, лауазымды тұлғалармен биліктегілерге жарамсақтанып өлең сымақ жазатындар, әдебиетімізге түскен жегі құрт десек қате жорамалдаған болмаймыз. Сөз құраушылар мен ақындардың айырмашылығы жер мен көктей, сонымен бірге "өлең сымақтар" мен нағыз өлеңнің де айырмашылығы бар. "Жерге еккен бидайды, комбайынмен жинайды" деп екінің бірі сөз құрай алады, біз бұған бола ол ақын сөзі дей алмаймыз.

Сайып келгенде өлең құрағанның бәрі ақын емес, ақын жолы ауыр жол, шыдайтындар жүріп көрсін...

Нұрбек

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



PROF. DR. MUHITTIN ŞİMŞEK'E, KAZAKISTAN ONURSAL VATANDAŞLIK VE MADALYASI TAKDİM EDİLDİ



Kazakistan Cumhuriyeti Anayasası'nın kabulünün 29. yıl dönümü münasebetiyle düzenlenen törende, Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek'e, Kazakistan eğitimine ve Türkistan eyaletine hizmetlerinden dolayı Türkistan Eyalet Meclisi tarafından «Onursal Vatandaşlık ve Madalyası» takdim edildi.

PROF. DR. MUHITTIN ŞİMŞEK, TUSAŞ YÖNETİM KURULU BAŞKANI ÖMER CIHAD VARDAN VE TUSAŞ GENEL MÜDÜRÜ DR. MEHMET DEMİROĞLU'NU ZİYARET ETTİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, TUSAŞ Yönetim Kurulu Başkanı Ömer Cihad Vardan ve TUSAŞ Genel Müdürü Dr. Mehmet Demiroğlu'nu ziyaret etti. Ziyarette kurumlar arası iş birliği hususları değerlendirildi.



PROF. DR. NEVZAT ŞİMŞEK, PROF. DR. MUHITTIN ŞİMŞEK'İ ZİYARET ETTİ

Fatih Sultan Mehmet Vakıf Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Nevzat Şimşek, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti. Ziyarette ikili iş birliği hususları değerlendirildi.

OP. DR. ALP ERCAN VE OP.DR. DAMLA ERCAN, ÜNİVERSITEMİZDE «REKONSTRÜKTİF CERRAHİDE MULTIDİSİPLİNER YAKLAŞIMLAR» TEMALİ EĞİTİM VERDİ

Ana yurttan
ata yurda
sağlık köprüsü
kapsamında
Ahmet Yesevi
Tıp Fakültesi
Hastanesine gelen
Op. Dr. Alp Ercan
ve Op.Dr. Damla
Ercan, seçilmiş
hastalarda vaka
tartışmalarının
da yapıldığı
«Rekonstrüktif
Cerrahide
Multidisipliner
Yaklaşımlar»
temalı eğitimlerini
verdi.



ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕ ДІННІҢ ОРНЫ

Қоғам өмірінде елдің ертеңгі болашағы ретінде және ата-бабадан қалған мұраның үздіксіз кейінгі ұрпақтарға жалғасының табуында оны тасымалдаушы басты фактор ретінде жастардың орнының ерекше екендігі даусыз. Демек бұл жастар тәрбиесінің өте маңызды екендігін көрсетеді. Ал енді жастар тәрбиесінде олардың тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуында көптеген маңызды факторлар қызмет атқарады. Себебі, тұлғалық ерекшеліктерде тұлғаны қалыптастыруда басты рөл атқаратын құндылықтар мен қайнар көздер анықтаушы факторларға айналады. Тұлғаның құрылымдық және дамытушылық факторлары әлеуметтік тәжірибеден туындайды және осылардан ерекше өмір салтын анықтайды.

Адам өзінің ішкі әлемінде болып жатқан рухани оқиғалармен қатар сыртқы әлемдегі оқиғаларды да бастан кешіреді. Себебі, адам бұл дүниеде жалғыз емес, басқалармен бірге өмір сүретіні ақиқат. Адамның бұл басқалармен байланысы сонымен қатар «жеке тұлға» мен «қауымдастық» арасындағы байланыс ретінде этикалық және заңдық тұрғыдан да құнды байланыс болып табылады. Осы құндылықтардың бар екендігі туралы біле отырып, іс-әрекеттерге және өзіне жеке индивидуалды шындыққа ие болу, сонымен бірге олардың қоғамдастық шеңберінде басқалармен саналы түрде жауап беретіндігін ұғынуы, түйсінуді, оны қабылдауы, бұл құндылықты жеткізуші болып табылатын адамның мәнін көрсетеді.

Адамзат мәдениеті негізінде сөзсіз әсер ететін тағы бір құндылық бар, ол да - дін. Өйткені адам әрқашан өзінің болмысынан жоғары күшті, тіпті үлкен құдайлық болмысқа сену қажеттілігін сезініп келген. Бұл жағдай уақыт өте келе мәдени сипатқа ие болды және адам өмірінде орын алды. Себебі дін жеке адамға динамикалық құрылым береді. Діни мақсаттар мен қасиетті жолдар жеке және әлеуметтік діни көріністерді қамтиды. Дінге сонымен қатар басқаларға жақындық, діни бірлестікке мүшелік, әлемдегі бейбітшілік пен әділеттілік сияқты әлеуметтік мақсаттар кіреді.

Діндердің ішінде, әсіресе ата-бабаларымыз ұстанған Ислам дінінде мәселелерді үш бағытта қарастырады: Сенім, құлшылық және адамдар арасындағы қарым-қатынас (муамалат). Сенім мен құлшылық құдаймен байланысты үкімдерді қамтыса, «муамалат» - адамдар арасындағы құқықтық, этикалық, моральдық, экономикалық т.с.с. үкімдерді қамтиды. Демек адамдар арасындағы қарым-қатынастар, құлдың ақысы, адамның ақысы да Ислам діні үшін аса маңызды болып табылатындығын осыдан байқауға болады.

Біздің ойымызша, адамдар тұтастай ұстанатын мінез-құлық заңдылықтарын ұстану үшін тұлға анықтамасынан асып, оның құрылымына, сипаттамаларына және даму жолына түсу керек. Тұлға табиғатта уақыт бойынша сәйкес келеді және оны көбінесе организммен немесе адамға тән бір сәттік немесе қысқа мерзімді сипаттамамен сипатталатын күймен салыстырады. Тұлғалық қасиет дегеніміз - тұрақты, үйреншікті және қайталанатын мінез-құлық жиынтығы. Осы қасиеттердің сақталуында және жалғасын табуында діннің ролі ерекше.

Адам сөзсіз әлеуметтік тіршілік иесі. Әлеуметтік болмыс болу оның жаратылуынан туындайтын қажеттілік. Жеке тұлға қоғаммен интеграцияланады, қоғаммен біртұтас болмыс ретінде қалыптасады. Қоғам тұлға құрылымындағы кемшіліктерді жойған кезде, ол онымен өзін толықтырады. Осы себепті адам өзі өмір сүретін қоғамнан оқшаулануы мүмкін емес. Себебі жеке тұлға қоғаммен үнемі байланыста болады. Бұл қарым-қатынастар өздерінің қажеттіліктері мен өмірінің неғұрлым теңдестірілген және сәтті өмір деңгейіне үміттерін жүзеге асыра алатын ортаға жетуге бағытталған. Адам қоғамда өмір сүретіндіктен және қоғаммен сөзсіз қарым-қатынаста болғандықтан, бұл қатынастардың сақталуы үшін басқаларды қатесіз тану керек. Табысты өмірдің басты шарттарының бірі - қоршаған ортаны білу. Бұл өзін-өзі тану сияқты маңызды. Діни таным да осы тұста өзіндік қызмет атқарады. Адам дүниеге келе салысымен әлеуметтік-мәдени әсерлер жинақтала бастайды және бұл әсерлер адамды бүкіл өміріне әсер етеді. Бұл әсерлердің кейбіреулері әсіресе жас кезеңдерде, кейбіреулері ерте жаста, ал кейбіреулері жетілу кезінде тиімді болады. Діннің де осы орайда тұлғаның қалыптасуында, оның тәрбиесінде өзіндік орны бар екендігі белгілі.

Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін тағы бір маңызды әлеуметтік фактор - бұл мектеп ортасы. Себебі, алты жасқа дейін адам барлық уақытын дерлік үйде, анасының, әкесінің және бауырларының жанында өткізеді. Ол өзінің қиыншылықтарын тыңдайтын, қайғы-қасіретін шешетін, қиыншылықтарды жеңуге көмектесетін және өзін қауіптен қорғайтын адамды табады.

Жоғарыда түсіндіруге тырысқан әлеуметтік факторлар тұлғаны қалыптастыруға негіз болады, әсіресе балалық шақта. Төменде атап өту керек ең маңызды мәселе - индивидтің өзін жасөспірім кезінде және одан тыс уақытта өмір сүретін ортамен талдауға және тануға тырысуы. Жеке тұлғаның сыртқы ортасын құрайтын факторлардың барлығы белгілі бір уақыт кезеңінде және белгілі бір мінез-құлық жазықтығында ұқсас сипаттамаларға ие.

Тұлғаның қалыптасуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі - мәдениет. Адамның табиғатын толық сезіну үшін әрбір жаңа туған нәрестені әлеуметтендіру қажет. Әлеуметтену әлеуметтік дәстүрді кездестіруді қажет етеді. Бұл индивидтер үшін өздерін дүниеге келген өткен күндерінен босата алмайды. Сондықтан, жаңа нәрсе ұсыну үшін әрқашан алдымен оның бойында қалыптасқан дәстүрді түсініп, қажет болған жағдайда онымен үндесе білуі қажет.

Дін - адамзат тарихындағы ежелгі діни құбылыстардың бірі. Сонымен, дін философиядан ежелгі. Дін де моральдан ескі. Демек, ол, әрине, мәдениеттен де көне. Мәселенің негізінде дін мәдениеттің және өркениеттің өзін қамтиды. Джак Мартен айтқандай, «шынайы дін адамның, әлеуметтік, өркениеттік немесе мәдениеттілікке негізделмейді, оны Құдай ашады. Шынайы дін - әрбір өркениет пен мәдениеттің жоғарғы жаратушысы және сақтаушысы. Шынайы дін жалпыға бірдей». Бұл жағдайда діннің типтік жалпы мағынасындағы мағынасы біртұтастықты, табиғатқа, адамгершілікке және табиғаттан тысқары өмірге бейімділікті зерттеуді қамтиды. Дін - адамгершілікті насихаттайтын және қасиетті зерттеуді күшейтетін ілімдер мен анекдоттармен келісімшарт бойынша құрылған сенім жүйесі болып табылады. Діндер адамнан асып түсетін және адам кіретін кеңірек шындықтарға нұсқайтын авторитарлық рухани дәстүрлерден бастау алады.

Ислам діні адамдарға ғибадат етудің нышаны ретінде де, рухани тазару үшін де ғибадат етуді бұйырды. Сонымен қатар діни білім беру жүйесі арқылы ғибадат етудің жолын үйретеді. Бұл діни білім беру жүйесі құндылықтарға негізделген және құндылықтарға баса назар аударып, мәселелердің этикалық аспектілерін ескеруі керек. Ол мінез бен адамгершілікті дамытудың қуатты құралына айналады.

Ғибадат кезінде психологиялық құрылымда болатын түбегейлі өзгерістер тұлғаның энергия берілуіне әкеледі. Себебі ғибадаттың бірінші мақсаты - сенушілердің рухы мықты және мінезі мықты болу. Саналы ғибадат жеке тұлғаның ішкі және сыртқы жақтарын дамытуға көмектеседі, діндар адамның шынайылығын ашады. Ғибадаттың пәні мен элементтері адамның жеке басын жақсартатын ерекшеліктерге ие. Ғибадат етуді жалғастыру адамның жеке басын құрайтын шыдамдылық, батылдық, жанашырлық, қайырымдылық сияқты сезімдер мен мінез-құлықтарды нығайтады және дамытады, және қауымда оқылған дұғалар адамның әлеуметтенуінде үлкен рөл атқарады.

Осы орайда еліміздегі діни оқу орындары, ҚМДБ-на қарасты мешіттер мен медреселер, дінтану және теология мамандарын дайындайтын оқу орындарының жастар тәрбиесіне айтарлықтай үлкен үлес қосып отырғандығын айта кету керек. Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті де 1991 ж. бастап теология-дінтану мамандарын дайындауға өз үлесін қосып келеді. Бітірген түлектер еліміздегі ЖОО-нда, діни сараптама орталықтары мен басқа да салаларда жұмыс атқаруда. Үстіміздегі жылдан бастап Теология факультеті ашылып, дінтанушы ғалымдар жұмылдырылып сапалы біліммен сусындаған дінтанушы және теолог мамандарын даярлау ісі қолға алынатын болады. Осы мүмкіндікті пайдалану үшін еліміздің түкпір-түкпірінен білім алуға ықыласты мектеп бітіруші түлектерді оқу ордамызға шақырамыз.

Дидар ШАУЕНОВ
Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD

ӘЛЕУМЕТ

ӘЙЕЛ БАҚЫТТЫ БОЛСА - ҚОҒАМ БАҚЫТТЫ

Құдіреттің ең жұмбақ жаратылысы - әйел. Табиғат әйелдерге ең маңызды функцияларды ұсынды, өйткені жер бетіндегі әйелдің мақсаты - адамзат баласын жалғастыру. Бірақ адамзаттың өмір сүруінің әр түрлі кезеңдерінде әйелдердің қоғамдағы рөлі бірдей болған жоқ. Әйелдің үлесі еркекке қарағанда айтарлықтай көп. Мүмкін, сондықтан табиғат әйелді әлдеқайда төзімді етіп жаратқан шығар. Әйел эмоционалды және физикалық жүктемелерге шыдамдылықпен төзеді. Дәрігерлер тіпті әйел мен еркектің ауруға төтеп беріп, өзгеше сезінетінін дәлелдейді. Әйелдің генетикалық коды ұзағырақ болатыны алдын-ала анықталған, дегенмен ерлер арасында да ұзақ өмір сүретіндер кездеседі. Алайда, мұның бәрі тек жеке тұлғаға қатысты.

Қоғам қашан да даму үстінде. Оны алға жылжытатын даму тетіктері экономикалық үрдістерге ғана емес, халықтың рухани, мәдени ахуалының деңгейіне тәуелді екеніне тарихи жолымыз куә. Сондықтан руханиятты сақтап қалуда отбасы мен әйелдер қауымының рөлі өте үлкен. Әр түрлі қызмет салалары бойынша елдер мен халықтардың интеграциясы жаһандану процестерінің нәтижесінде қалыптасады. Ол нәтиже индустриалды қоғамнан ақпараттық қоғамға, жоғары технологияларға, ұлттық экономикадан әлемдік трендтерге көшу кезінде анық байқала бастады. Әлемде саясат, экономика, білім, отбасы мәселелеріне қатысатын әйелдердің әлеуметтік рөлі туралы идеялар да өзгерді. Сондықтан әйелдердің құқықтары адамның өмір сүру құқығы, бостандық, жеке қауіпсіздік, денсаулық, лайықты өмір сүру деңгейі, тең еңбек, білім алу үшін бірдей ақы төлеу, құлдықтан азат болу, тең қорғалу құқығы тұрғысынан қарастырылу тенденциясына қол жеткізді, қазір жүйелі жұмыстар жасалуда.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев елдегі гендерлік кемсітушіліктің алдын алу және іс жүзінде әйелдер үшін ерлермен бірге гендерлік теңдік пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажеттілігін атап өтті. Қазақстанда тәуелсіздік жарияланған кезеңнен бастап гендерлік саясат, әйелдер, отбасы мәртебесі мәселелері мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналды. Оның негізгі басымдықтары 2006-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясында айқындалған. Оларды іске асыру мәселелерімен Президент әкімшілігі жанындағы Әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия айналысады. Ұлттық гендерлік саясаттың конституциялық негіздерін қалыптастыруда адам құқықтары, отбасы және гендерлік теңдік саласындағы нәтижелі халықаралық тәжірибелер мен БҰҰ бағдарламалық құжаттары кеңінен қолданылды.

Қазақ қоғамындағы әйел - ол дәстүрлер мен отбасылық ошақты сақтаушы ғана емес, сонымен бірге экономикалық, сая-

си және қоғамдық өмірге ер адаммен тең дәрежеде қатыса алатын құқық иесі. Қазақ халқы әйел тұлғасының құндылық қасиеттерін жоғары бағалаған. Халық даналығында: «Жақсы әйел ерді төрге, жаман әйел – көрге сүйрейді» деген де бар.

Әйел - бұл отбасында жайлылықты тудыратын, үйдегі тәртіп пен тазалықты, мейірімді атмосфера мен адамдар арасындағы қарым-қатынасты сақтайтын, сонымен қатар баласын тәрбиелейтін, сүйетін және қорғайтын, оны бақытты ету үшін бәрін жасайтын ана мен әйел.

Әйел - ол қызметкер, іскер әйел, ол жұмысқа саналы түрде қарайды, жауапкершілікті сезінеді, кез-келген салада елеулі жетістікке жетеді, басшылық қызметтерді атқарады.

Заманның ажырамас байланысында әйелдердің мәртебесі туралы тұтас көзқарас қазақ эпосында байқалады. Мұхтар Әуезов «Қазақ эпосы және революцияға дейінгі фольклор» мақаласында: «Батырлық эпостық жыр-



ларда қазақтың қаһармандық эпосы кейіпкерінің таптырмас қасиеті - оның жеке ортасы (туыстары, әйелі, достары), ат пен сауытында. Батырдың ерлік тұлғасының қалыптасуындағы міндетті кезеңі - оның үйленуі. Ол некеге дейін батыр болмайды, неке оның физикалық жетілуінің соңғы дәрежесі сияқты. Жырларда батырдың жары кейіннен оның тұлғалық имиджінде ақылдың бейнесі ретінде қосымша қызмет атқарады. (Мысалы, Құртқа, Қобланды батыр); Сондай-ақ әйелі ер азаматтың абыройының бейнесі ретінде толықтырады. (Ер Тарғын және Ақжүніс)».

Демек, қазақ қоғамында әйел өз ортасында әрқашан лайықты бағасын алып, құқықтық тұрғыдан еркіндігі шектеулі болмағанын осындай тарихи жәдігерлер арқылы білуге болады.

Қазір ХХІ ғасыр – жаһандану ғасыры. Құндылықтар өзгергенімен, қанымызбен берілетін тектілік жойылмас үшін әйел

мықты болуы керектігін терең түсіндірген ғасыр бұл. Әйел бақытты болса - қоғам бақытты. Ал, әйелді бақытты етуге көп нәрсе қажет емес. Отбасы тұрақтылығы орын алса, әйел бақытты ұрпақ тәрбиелейді. Бар мәселе – сол тұрақты жұмыс орындарының болмауы мен табыс көзінің мардымсыздығынан. Осы жолда мемлекет қаншама бағдарлама жасап, қаржы бөлсе де, сол қаржыны мақсатта жұмсаудың жүйесі тұрақты емес. Осы орайда, Қоғамдық бақылау бойынша талқыға түсіп жатқан заң жобасынан үміт күтеміз. Біз де өз тарапымыздан ұсыныстар мен толықтыруға үлесімізді қосуға ынталымыз.

Қазақстан халқының 52 пайызын әйелдер құрайды. Егер жұмысқа қабілетті 16 мен 58 жас аралығын алатын болсақ, онда шамамен 4,5 млн әйел бар. Ал, Түркістан облысы мәслихатында 45 депутат болса, оның ішінде 11-і әйел. Түркістан облысы - қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтаған дәстүрлі қоғам. . 2020 жылғы саяси науқан сайлау тізімдерінде әйелдер мен жастар үшін міндетті 30 пайыз квота туралы заңнаманың жаңа нормасын сақтау мәселесі кеңінен қаралған болатын. Осылайша, Заңның аталған нормасы Мәжіліс пен мәслихаттың өткен сайлауында іске асырылды. Мемлекет басшысы атап өткендей, бұл норма әйелдер мен жастарды Парламентке және жергілікті өкілді органдарға тартудың тиімді тетігі болмақ. Бұл олардың елдегі қоғамдық-саяси процестерге белсенді қатысуына ықпал етеді.

Жаһандану тенденциялары отбасы институтына соншалықты әсері болуда десем, артық айтқандық болар еді. Қарапайым халық - отбасын асырауда қиындықтарға төтеп бере алатын, төзімді, дәстүрлі қоғам мүшесі. Оның жақсы жағын тиімді пайдаланып, сол тұрақтылықты сақтауға көңіл бөлінсе, әлеуметтік мәселелердің шешімін табуға болады. Ал, көпбалалы аналардың баспана алуы мен жәрдемақысы, ауылдық жерлерде әйелдерге арналған мемлекеттік бағдарламалар мен шағын бизнесте әйелдерге жеңілдік болуын мемлекеттік деңгейде, арнайы заң жобаларымен шешуді мемлекет үнемі назарына алса, ұтылмаймыз.

Әлемнің барлық түкпірінде әйелдердің проблемасы ортақ деп ойлаймын. Кез-келген қоғамда әйелдің бақытты болуға құқығы бар. Әйелдердің қоғамдағы рөлі туралы айта отырып, жас ұрпақтың физикалық және моральдық денсаулығы, демек, ұлт болашағы оған байланысты екенін ескерген жөн. Сондықтан біздің болашағымыз үшін алаңдаған аналардың әлеуметтік қозғалысы күшейіп келеді. Маған бұл қозғалыс өте ұнайды, өйткені ол әйелді отбасынан бөлмейді, керісінше оны жақындастырады. Отбасы ошағының сақшысы - әйел, бұл оның қоғам үшін маңызы.

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа және PR орталығы

Тілшілер: Журналистика студенттері

мамандығының

Фото маманы: Нахып ШЕРІ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген. 2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

+

+